

А. О. Тяжина, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасы бастығының орынбасары;

И. К. Әбдіқамалова, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының оқытушысы

«ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ӨНДІРІС» ПӘНІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада «қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнін мемлекеттік тілде жүргізудің мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, сабақ беру әдісі, семинарлық, тәжірибелік, сабақ, өткізу, оқыту, жағдайлар, жетілдіру, ерекшелік.

Қазақстан Республикасы білім беру мекемелерінің бастапқы мақсаттарының бірі кәсіби-сауатты мамандарды дайындау, олар мемлекеттік тілді жетік білуі керек, студенттерді мемлекеттік тілде оқыту, мемлекет саясатын жүзеге асыру.

Мемлекеттік тілде оқыту деңгейі әртүрлі факторлардан тұрады, соның ішінде мемлекеттік тілді оқытудың әдістемесі. Дәріс және семинар сабақтарын мемлекеттік тілде жүргізу үшін оқытушы әдіснамалық жұмыстар жасауы керек.

«Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесін реформалау, студенттерді оқытуда жаңа бағдарламаларды іздеуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында осы сұраққа үлкен мән беріледі. Қылмыстық қудалау органдарына артылған мәселені табысты шешу, жеке тергеу жағдайларында өзін-өзі ұстаудан ғана тұрмайды, сонымен қатар ІІМ жоғары оқу орындарында алған теориялық білімнен де тұрады. Бұл кезекте тыңдаушылармен семинар және тәжірибе сабақтарын жүргізуде, оларға қажетті теориялық білімді беру, сонымен қоса ойлау қабілетін, тәжірибелік дағдыларды және тергеу барысында шешім қабылдауды, олардың келешекте кәсіби, сапалы тергеуші болуға дайындауға бағытталған.

«Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәні 3-4 курстарда жүргізіледі, бұл кезде тыңдаушыларда қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминалистика, криминология, соттық медицина, соттық психология пәндері бойынша қажетті теориялық білім болады, құқықтық сананы, қылмысты ашу механизмін, сотқа дейінгі өндірістің әртүрлі кезеңіне қажетті теориялық білімді біріктіреді. Сабақ үш білім беру нысаны бойынша жүргізіледі: дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтар.

Заманауи жоғары мектепте тиімді оқыту жағдайына семинарлық сабақтарды жүргізу жатады, олармен дәріс сабақтары байланысты болады. Семинар (лат. *seminarium* — рассадник) — тәжірибелік оқу сабақтарының бір түрі, студенттерді өз бетімен оқуға, жұмыс істеуге, баяндама, реферат жазады, өз беттерінше кішігірім зерттеулер жасайды және т. б.

Семинар сабағы көбінесе оқылған дәріс тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылығын шыңдау мақсатын көздейді, семинар студенттердің

«Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнін мемлекеттік тілде жүргізу ерекшеліктері

ғылымның әр тарауын терең игеруіне ықпал етеді, студенттер семинардың нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын, одан тиісті ғылыми қорытынды жасауға үйренеді.

Семинар — студенттермен жүргізілетін оқу-тәжірибелік жұмыстарының бір түрі, семинар оқытушылар мен профессорлардың басшылығымен жүргізіледі, студенттер баяндама, реферат жазады, өз беттерінше кішігірім зерттеулер жасайды, семинар студенттердің ғылымның әр тарауын терең игеруіне ықпал етеді, студенттер семинардың нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын, одан тиісті ғылыми қорытынды жасауға үйренеді.

Оқытушының қалауы бойынша семинар сабағын жүргізудің бір түрі белгіленеді, біздің көзқарасымыз бойынша, тәжірибиеге сүйене келе мемлекеттік тілде оқитын топтарға семинар жүргізудің дискуссиялық тәсілі келеді, сабақ барысында әрқайсысының дәрісте алған білімін тексеруге болады. Неге осы тәсіл? Біріншіден, дискуссия болған кезде семинар сабағына тыңдаушылардың көбісі қатысады, оқытушы оларды зерттеліп жатқан тақырыппен қызықтыра алады. Екіншіден, тыңдаушылар бірегей ойды қалыптастыруға тырысады, сонымен қоса өз ойларын қорғайды, қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша дәлелдейді және т. б. Осы кезекте оқытушы мемлекеттік тілді жетік меңгерген болу керек, тыңдаушылардың көзқарастарын тыңдап, өзінің көзқарасын дәлелдеу керек.

Семинар және әдісті таңдау және оны жүргізу шығармашылық сұрақ, ол негізінен оқытушының ұйымдастырушылық және кәсібилік қасиетінің болуынан және тыңдаушылардың дайындығынан тұрады. Біздің көзқарасымыз бойынша оқытушының басты міндеті тыңдаушының сол пәнге деген қызығушылығын ояту және сол қызығушылықтың өз бетінше сабаққа дайындалуын ояту.

Сабақ жүргізудің келесі түрі тәжірибелік, тәжірибелік сабақ бұл студенттердің дәріс сабағынан алған білімдерін бекіту, пысықтау, жинақтау мақсатында өткізілетін сабақтың бір түрі. Тәжірибелік сабақтың маңызы жұмыс барысында тәжірибиелік білімін жетілдіру. Бұл кезекте негізгі көңіл дағдыға және тергеудің әртүрлі кезеңдерінде тергеу амалдарын, тергеу жағдайының қорытындысын және тергеуді толығымен жүргізу бағытталады. Сабақ жүргізу барысында оқытушы алдына маңызды ақпаратты қосалқы ақпараттан бөліп алу, мәселені қарастыру және қызметтік, эмоциялық қатынасқа түсіру мақсаты артылады.

Орыс тілінде оқитын топтарда жүргізілген әдістемелік жұмысқа қарағанда, мемлекеттік тілде оқитын топтарда жүргізілетін әдістеме өзгеше. Оқытушы білуі керек: сабақ беретін пәнін толық меңгеруі, сол пәнді тыңдаушыларға түсініксіз терминдермен емес, тыңдаушыларға түсінікті қарапайым және мемлекеттік тілде жеткізу. Сонымен қатар оқытушы әр тыңдаушының деңгейін білу және оны сабаққа қызықтыра білу керек. Оқытушы кафедраның өзгешелігін біліп, сабақты қызықты етіп өткізіп және тыңдаушы өзін тергеушінің орнына қойып, жұмыстың бар ерекшелігін түсіну қажет.

Сонымен қоса кафедра тәжірибелік сабақ өткізу барысында, әртүрлі іскер ойындар ұйымдастырады, ол сабақ өткізудің бір бөлігі. Оқытушы бұған бар ынтасымен қарауы керек, бұл ойында тыңдаушылардың біреуі тергеуші болады, ал қалған рөлдерді (жәбірленуші, куәгерлерді, куәні, прокурорды) кафедра оқытушылары немесе тыңдаушылар ойнайды.

Ойынды өткізу барысында тергеу жұмысында кездесетін әртүрлі жағдайлар қарастырылады. Іскерлік ойынға дайындық барысында оқытушы ойынды жоспарлап, ҚІК заңдарын қолдану керек, мемлекеттік тілде кеткен қателіктерді тауып, тыңдаушыларға көрсетіп түсіндіру. Оқытушы сабақ жүргізу барысында, тәжірибе өткізіп, ең ыңғайлы тергеу жағдайы бойынша міндетті іс жүргізу құжатының қылмыстық іс бойынша оқулық түпнұсқасын құрастыру керек. Іс жүргізу құжаттары жүйелі түрде, қателіктерін көрсету үшін оқытушылармен тексеріледі.

«Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнін мемлекеттік тілде жүргізу ерекшеліктері

Жоғарыда айтылғандарды қарастыра келе «Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнін мемлекеттік тілде жүргізуді жетілдірудің шегі жоқ. «Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнінің ерекшелігін пайдалана отырып мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылардың өз мүмкіндіктерін: өзінің әлуетін, білімін, тәжірибесін, жана технологияларды және сабақты жоғары деңгейде жүргізуге тырысуы.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы проведения семинарских и практических занятий на государственном языке по дисциплине «Досудебное производство по уголовным делам».

RESUME

In the article are considered questions of practical and seminar lessons on the state language by the following subject « Prelegal derivation by criminal cases».

«Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс» пәнін мемлекеттік тілде жүргізу ерекшеліктері
